

Сыздықова, Жұмакүл. Біліміне адамгершілік қасиеті жарасқан [Мәтін] : Кейіпкерім өмірде де, жұмыста да барлық жерде тепе-теңдік болуы керек деп есептейді / Жұмакүл Сыздықова ; суретті түсірген автор // Әуликөл. – 2022. – 3 қараша. – Б. 4.

Біліміне адамгершілік қасиеті жарасқан

Кейіпкерім өмірде де, жұмыста да барлық жерде тепе-теңдік болуы керек деп есептейді

Есепші мамандығы – Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар бүкіл әлемдегі ең жоғары құзыретті, құрметті әрі талап етілген мамандықтардың бірі.

Шағын жеке кәсіпорынан бастап, ұлттық холдингтер мен мемлекеттік ұйымдарға дейінгі кез келген компания үшін бухгалтерлердің қызметі аса дәлел. Сондықтан да есепшілер күні – бұл бүкіл әлем бойынша мереке. Айтулы мейрам қарсаңындағы кейіпкерім аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маман-есепшісі Бибігүл Жеміспаева. Тәжірибелі маманның бұл мекемеде жұмыс істегеніне бес, бірақ бұл саладағы еңбек өтіліне 22 жыл.

Жашан көрседі де құлісірет, жайдары мінезімен, қасиеті келген адамды бірден өзіне баурап алатын қасиетімен ерекшеленетін Бибігүл Сұлтанбекқызы бұл мамандықты тектен-текке таңдаған жоқ. Оған



Өз ісінің білгір маманы Бибігүл Жеміспаева

дүкенде сатушы болған марқұм Дина анасы себепші болады. Тауарлар жазылаған жүкқұжатты

үйіне әкелгенде кішкентай қызы оны шотқа қатып есептейтін. Артынан анасы келіп жұмысын

тексеретіні есіне. Бала жасынан есеп-қисапқа жетік қыз өскенде осы мамандықты таңдаймын деп армандайтын.

Жас түлек Наурызым ауданының «Соснов» совхозында орта мектепті бітіріп, Қостанай кооперативтік техникумына оқуға түседі. Оны аяқтағандай аяқтаған соң Ахмет Байтұрсынұов атындағы мемлекеттік университеттің бухгалтерлік есеп-аудит факультетіне қабылданады.

Жас маман алғашқы еңбек жолын ұлан-ұзында жұмысшылар кооперациясында есепші болып бастайды. Басында қиынға соққанымен де, өз жұмысын деген визитшілігі артып үйреніп алады. Заман кейін де біраз мекемелерде, біздің кезеңде де есепші болып еңбек еткені бар.

Кейіпкерім Бибігүл Сұлтанбекқызы жылдар өте өз мамандығының қырсырын әбден меңгеріп алып, тәжірибелі маман атанады. Бүгінгі күзге оны жайлы сұрадым:

Өзімізді тікелей қызметімізде жұмыс көлемі үлкен емес. Бірақ одан тыс

некемеге қарасты тілдер сұралғаны, кітапхана, мәдениет үйінің жұмыстарын қадағалаймын. Олардың есепшілері жылдың басында алдағы жылға жоспар құрып алып келеді, соны бірлесіп шешеміз, өзара өзектестіміз. Қорыта айтқанда, әкімшілік ретінде бақылап отырамын. Мемлекеттік сатып алуға да жүргіземіз, сонда шығып өкіміміз, сол да біздің жұмысқа жауапты. Бастысы – бөлінген қаражатты игеру сонша қатаң қадағалап отыру, әлде бас маман-есепші

Әңгіме барысында Бибігүл Сұлтанбекқызын өзінгі уақытта есепші мамандығында кадр тапшылығы бар екені алаңдатытынын тілге тиек етті. «Жас мамандар жұмысқа келеді, соларға берімді үйретемін. Таңдаған мамандығы осимына жұмыс істемейтіндері де болады. Ал әрі қарай жұмысын алып кетіп жатса, менің еңбегімнің нәтижесі деп «мәңгілік» дегенді айтты.

«Әр жұмыстың өз қиыншылығы бар және өмірде де, жұмыста да барлық жерде тепе-теңдік

болуы керек деп есептеймін. Бастысы, қызметте жауапкершілік және бірінші адамгершілік қасиет болуы керек, қай кезде де содан айымау керек деп есептеймін. Және де бір айтарым, мамандықтың өмірде де кіріп кетеді екен, жоспар құрып, сол бойынша өмір сүруге дайындығы екенің. Өмірде - ыспрапты ұнатпаймын, есімді блетін кезім, марқұм әжесімнің қиыннан жерге тастамаңдар дег үйретті. Менің өмірдік ұстанымым - бірінде өлшем болуы керек, - дейді кейіпкерім ағынан жарылып.

Бибігүл Сұлтанбекқызы отбасында аулан жар әріптестері арысмандай сый-құрметке бөленген маман. адам еңбегі үшін алған марапаттары да баршылық.

Халықаралық есепшілер күні қарсаңында біліміне адамгершілік қасиеті жарасқан, бар жақсыны бойына жинаған Бибігүл Сұлтанбекқызын төл мерекесімен құттықтаймыз.

Жұмакүл СЫЗДЫҚОВА
Суретті түсірген автор